

ӘОЖ 94 (574)

**ТҮРКІСТАН АЙМАҒЫНДАҒЫ КИЕЛІ ЖЕРЛЕР ЖӘНЕ  
ОНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ**

**Мақұлбек Айбек Пазылбекұлы**  
aibek.barcelona.10@mail.ru

4290

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих мамандығының 4 курс студенті,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан.  
Ғылыми жетекшісі - Сайлаубаева Нұргүл

Бұл мақала барысында қасиетті Түркістан өңіріндегі киелі жерлердің тарихи маңызымен, соның ішінде XIV ғасырдың соңында тұрғызылған Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің архитектуралық ерекшеліктерімен танысамыз. Кесененің сәулет өнерінің тамаша туындысы осы бүгінге дейін жетуі сол дәуірдегі архитектураның тамаша деңгейде екенін дәлелдейді. Мақаламен таныса отырып, киелі жерлердің зерттелу тарихи маңызын атап қана қоймай, Орта ғасырдағы сәулет өнерінің жетістікеріне, олардың салыну тарихына көз жүгіртеміз.

2000 жылдық тарихы бар, түбі бір түркі халықтарының рухани, мәдени және экономикалық сауда орталығы ретінде Түркістан қаласының тарихи орны ерекше. Орта Азия мен Қазақстан жерінде тарихи кезеңді бастан кешіріп, шапқыншылық дәуірлерден қирап қалмай осы уақытқа дейін өмір сүруін тоқтатпаған санаулы қалалардың бірі де Түркістан. Сондықтан рухани астанамыздың киелі де қасиетті жерлерін зерттеп, оның тарихына көз жүгірту Түркістанды рухани тұрғыда дамытуға жол ашады.

Дүниежүзілік атласты алып қарасаңыз Қазақстан аумағында көне қалалар баршылық, оның ішінде Түркістан мен Тараздың орны ерекше. Бүкіл тарихты алсақ, ежелгіні қойғанда VI-VIII ғасырлардың өзінде осы өңірде жалпы Түрік қағанаты, былайша айтқанда, түркі тілдес халықтар өмір сүрген. Сол Түрік қағанатында ежелгі Түркістан қаласы рухани орталық ретінде тарихи орын иеленді. Кейін тарихтың ағымына байланысты түркітілдес халықтар әр жаққа шашырап кетті. Мысалы, түріктер Анадолыға кетті, сол жақта дамуының арқасында «Осман империясы» құрылды, кейін Кемал Ататүріктің революция жасауының нәтижесінде жеке мемлекет болды, бүгінде 80 млн. астам халқы бар Түркия дамыған мемлекеттер қатарына қосылуда. Осы сияқты басқа да түркітілдес халықтар жан-жаққа шашырап жеке-жеке мемлекеттер болып дамып келеді. Олар соған қарамастан Қазақ жеріндегі Түркістанды өздерінің ата-бабаларының шыққан тегі, «Атажұрт» деп атайды, рухани астанамыз, екінші Мекке деп те санайды, бүгінге дейін көп халық ағылып келіп киелі мекеніне тағзым етіп жатады [1]. Халықаралық деңгейде «Түркістан» батыс пен шығысты біріктіретін, интеграциялайтын Ұлы Жібек жолы әлемінің әлеуеттік мүмкіндіктерін жұмылдыратын ғасырлық рухани орталыққа айналады. Ғаламдану заманында дінге сенушілік көбейе түсуде. Мысалы, дамыған Еуропа елдерінде 18% дінге, құдайға сенбесе, ал 27% бір рухани күштің бар екеніне сенеді, 52% құдайға сенеді, жүгінеді. Мұсылман елдерінің басым көпшілігі құдайға сенеді де, жүгінеді де. Сонда ғана біз ата-бабаларымыздың ой-арманын, бізге тастап кеткен тарихи-мәдени құндылықтарды, мұраларды, осынша жерді, қазба байлықтарды тек өзімізге ғана емес, бүкіл адамзаттың ізгілік дамуына қызмет еткізе аламыз.

Осы мәселелер төңірегінде Түркістанның киелі жерлері үлкен маңызға ие. Көне шаһар құрылысының сәулеті (архитектурасы) ежелгі шығыстық түркі өркениетінің нақышында, ұлттық нақыш бояу, таным ерекшеліктері ескеріліп жобалануыда. Нұр-сұлтан қаласы XXI ғасырда еліміздің жаңа модерн үлгідегі елордасы болса, ал Түркістан қаласы еліміздің ежелгі мәдени-тарихи үлгідегі рухани астанасы және мұсылман халқының негізгі масқатының орталығы болып келе жатыр. Бұл тұрғыда киелі қаланың Қ.А.Яссауи кесенесі, Арыстан баб, Рәбиға сұлтан бегім, Есім хан кесенелері, Көне Отырар, Сауран, Жуантөбе т.б қасиетті жерлердің тарихын зерттеп өскелең ұрпаққа өнеге етіп, келешек туристерге таныстыру өзекті мәселеге айналары сөзсіз. 1500 жылдан астам тарихы бар, Қазақ хандығының астанасы болған, шартарапқа кеткен керуен жолдарының тоғысқан жері, Ұлы Жібек жолының орталығына айналған осынау қасиетті жердің қазақ халқы үшін маңызы орасан. Осы орайда Елбасы Н. Назарбаев: «Әрбір халық, әрбір тәуелсіз мемлекет өзінің рухани орталығын нақтылап алуы керек. Қазақстанның рухани орталығы Түркістан», — деген болатын [2].

Қазақ халқының арасына кең тараған: «Арыстанбапқа түне, Қожа Ахметтен тіле» деген қанатты сөздердің өзі-ақ Түркістан өңірінің киелі де қасиетті мекен болғанын сан ғасырдан бері айғақтап келе жатқан жоқ па?! Түркістан қаласын ірі орталық ету Тәуелсіздік алған жылдардан бері Президентімізден бастап зиялы қауым өкілдері арасында талай әңгіме арқауына айналғаны осы күні ойға оралып отыр. Белгілі қоғам және мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің 1991 жылы айтқан мына пікірін еске түсіріп көрейікші.

«...Түркістан үшін қазақ халқының қаны көп төгілген, ол оның ең қасиетті орны. Үш жүз жылға жақын уақыт қазақ хандарының тұрағы – астанасы болған. Онда халқымыздың асыл азаматтары, ең қалаулы ұлдарының сүйегі жатыр. Оны қастерлемесек болмайды. Түркістанда облыс орталығы құрылса жақсы болар», – деп жазды. Ал ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан» атты толғауындағы:

Түркістан – екі дүние есігі ғой,

Түркістан ер түріктің бесігі ғой...

– деген өлең жолдарынан қаншама тарих сыр шертеді [3]. Демек, Түркістан – түркі халықтарының, одан да кеңірек айтсақ, Шығыс халықтарының ақ ордасы, астанасы болғанын аңғарамыз.

Түркістан қаласының тарихи туризмінің басты нысаны ретінде 1991 жылдың 1 қаңтарынан бастап, Республикалық музей ретінде құрылған «Мемлекеттік тарихи-мәдени Өзірет Сұлтан қорық музейін» айтуға болады. Тарихи музей қорына Қазақ хандарының зираттары, ұлы астроном, ғалым Ұлықбектің қызы Рәбия Сұлтан Бегім мазары, ортағасырлық «Шығыс моншалары», Жер асты мешіті, т. б тарихи нысандарды жатқызуға болады. Ескі Күлтөбе қаласы, ортағасырлық Түркістан қалаларының қазіргі орны, қала басындағы тарихи музейлер мен тарихи мәдени орталықтар – туристерді өзіне шақыра алатын нысандар. Саяхат сапары Күлтөбе қаласынан бастау алады. Өйткені Күлтөбе – қазіргі Түркістан қаласының ескі орны. Бүгінгі таңда ескі қаланың жоғарғы қабатының тарихи белгілері бұзылған. Бірақ саяхаттаушы туристерге ескі қала орны ерекше қызығушылық тудыратыны анық. Сондай-ақ Күлтөбеден Түркістан қаласының 1500 жылдық тарихын дәлелдейтін деректер табылған [4].

Тағы бір қала орны – ортағасырлық Түркістан қаласы. Бұл төңіректе ертеден шахристан, рабаттар, шағын сауда ошақтары орналасқан. Қаланың солтүстік және батыс бөлігінде мұнара мен қабырға қалдықтары салынған. Қаланы айналдыра қоршаған қабырғаның ұзындығы 3 шақырымға жуық. Стратиграфиялық зерттеулер бойынша қала цитаделі Монғол шапқыншылығынан кейін қалыптасып, XV-XVI ғасырларда кесененің батыс жағында шахристан пайда болған. Күлтөбе қаласынан 350 м қашықтықта орналасқан Қожа Ахмет Иасауи кесенесі – Түркістанның басты салтанаты. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің, XII ғасырда өмір сүрген ұлы ақын, сопы Қожа Ахмет Иассауидің бейітінің үстінен салынған. Бұл ғимаратты атақты қолбасшы Әмір Темір салдырған. Бұл ғимарат – өз заманындағы сәулет өнерінің барлық жетістіктерін бойына жинаған құрылыстарының бірі. Бүгінде күрделі жөндеуден өткен тарихи нысан жылына мыңдаған туристі тартып, өзі қызықтыруда. Қожа Ахмет Иасауи кесенесі – ЮНЕСКО-ның мұралары тізіміне енген ескерткіш.

XIV-XV ғғ. аралығы Қазақстанда Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі – ханакасының керемет әсер тудыратын құрылысымен белгіленген. Кешене қолданысымен көлемі бойынша 30 түрлі бөлмеден тұрады. Сонымен қатар ол сәулетшілік - жобалық және композициялық-кеңістік ұйымдастырудың негізінде жатқан идеялық-көркемдік түпкі ойдың тереңдігімен таң қалдырады. Кешен бөлмелерінің элементтері Ахмет Яссауидің жерленген жері мен мазарының кеселілігінің, аса маңызды мәнін ерекшелеп тұр. кесене Яссауиттердің сопылық орденінің діни басшысы, қасиетті қожа қабіріне зиярат етіп келушілер қажылардың барлық сұраныстарын қанағаттандыру үшін барлық жағдай жасалған. Кешен бөлмелерінің құрамы мен олардың кесенеге қатысты орналасуы осымен түсіндіріледі. Осының барлығы кешенді – кесене-ханака деп атауға негіз болып табылады. Яғни, ең құрметті орын «төрде» үш негізгі элементтен тұратын кесене орналасқан: жан жағынан көлемі 7.15 м болатын

орталық төрбұрышты бөлме көрхана, дәл осындай көлемде жамағатхана жақтан зиратхана және кесененің сыртқы есігінен ені 13 м портал. Бұл есіктер аса терең емес қуыстармен белгіленіп, сталактармен безендірілген. Бөлме екі қабатты күмбезбен жабылған, ішкі сүйір форма сталактармен әшекейленген дөңеске тұрғызылған, ал сыртқы қырлы форма (барлығы 52 қыр, сыртқы диаметрі 40 м) эпиграфиялық декордың жалпақ лентасымен және фризбен белбеуленген, биіктігі 21 м [5.31].

Жамағатхананың төртбұрышты жобадағы бөлмелері Орта Азия мен Қазақстандағы ең үлкен екі қабатты күмбезбен жабылған. Диаметрі 18.2 м, сүйір формалы ішкі күмбез еден деңгейінен 36м биіктікке көтерілген [6.31]. Залдың дәл ортасында орасан зор үлкен қазан орналасқан. Сондықтан осы зал-Қазандық (Қазанлық) деп атайды. Осы қазандық сыртындағы жазуға қарасак: «оны Әмір Темірдің бұйрығы бойынша 801 жылы 10-шаууальда (1399ж)» Таризден шыққан шебер Саһуар ад-Диннің ұлы Абдул-Азиздің құйып жасағаны белгілі. Сол кездері жұма сайын, мереке, намаздан кейін, халыққа әр түрлі тәтті тағамдар таратылған [6.138]. Кесенеден біршама төмен жерде мешіт, кітапхана, екі деңгейдегі худжра және асхана, ал шығыс жағында – Үлкенді және Кішілі сарайлар орналасқан. Мешіт михрабының оңтүстік-батысқа, Мекке жаққа қарай қарату қажеттігі кесене-ханаканың барлық ғимараттарының негізгі қақпасы оңтүстік-шығысқа қаратылған жерге орналасқан. Кешендегі ең алып биіктігі-57 м, ені 18 м, тереңдігі 13 м орасан зор сүйір қуысы бар, жалпы ені 50,4 метр болатын негізгі қасбеттің порталы. Оның монументтегі мен айбындылығы қуыстың түбінде орналасқан кішкентай есіктің ойығы мен порталды екі жағынан қорғап тұрған, төменгі бөліктегі қырланған екі бұрышты мұнараларға қатысты қарсыластыққа күшеіе түседі. Жалпы алғанда, сыртқа қарай ашылып тұрған секілді етіп келтірілген және де халықтты рухани тазару мен рухани баюға шақырып тұрғандай образды береді. Кесененің құрылымыда үлкен қызығушылық тудырған. Қаланған тас плита іргетасы, мысалы портал асты бөлігіндегі тереңдігі 1.5 метр болатын 16 қатардан тұрады. Қабырғалары күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. Күмбезді құрылымдар үлкен алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Алып құрылыстардың ғасырдан ғасырға жетуін, мықтылығын қамтамасыз ететін инженерлік-техникалық әдістер ғылыми жақтан дәлелділігі және тереңдігімен таң қалдырады. Тас құрылымдар саласының маманы, профессор А.А.Шишкин, 1975 ж. кешен құрылымының жағдайы жайлы қорытындыда, сейсмикалық жағдай мен әртүрлі іргетастарда күрделі әрі орасан зор кешендерді тұрғызған құрылысшылардың керемет қырағылықтарын атап көрсетті. Барлық кешенді 8 құрылымдық — жеке дара кеңістіктік блокқа бөлу арқылы алынған құрылымдық схеманың қарапайымдылығы мен нақтылығы бұрындары болған сары топырақты іргетастың қайтадан қатты ылғалдануының өзінде де кешеннің жалпы тұрақтылығы мен ұзақ уақыт бойы сақталуын қамтамасыз етті. Кесіп бөлу 6 тесіп өтетін, екі тұйық дәлізбен жүзеге асырылған. Мұндай даналық инженерлік шешім сәулетшінің осындай керемет ескерткіште Орта Азия мен Қазақстан халықтарының көп ғасырлық құрылыс өнері жетістіктерін жүзеге асырып, дамыта алғандығын тағы бір мәрте дәлелдейді.

Кесене – ханака архитектурасының көркемдік айқындылығын күшейте түсу үшін шебер интерьерде "генетикалық жағынан ұлттық қолданбалы өнермен байланысты өрнек жасау, сүйек, тас пен металды көркем өңдеу, ою, сюжетті"[7.555] кең қолданды. Алуан түсті ойып жасалған өрнекпен безендірілген мешіттің михрабы тіпті керемет. Кешеннің экстерьерінде эпиграфиялық декор, геометриялық ою кең қолданылған. Қасбеттер кірпіштен, ойып жасалған жылтыр өрнек жинақтарынан немесе майоликадан жасалған қаптауыштармен жабылған.

Жамағатхананың үлкен күмбезіне қарағанда кесене кешенінің көлемдік-кеңістіктік композициясындағы маңызды жағдайын баса көрсету керек. Қасбеттердің қабырғалары негізгіге қарағанда эпиграфиялық декоры бар қолдан құйылған кірпішпен қапталған. Бұл ескерткіште фигуралы қалаумен жасалған кірпішті оюлау, жоғарыда біз сипаттаған архитектуралық құрылыстар үлгісіне қарағанда басқаша баяндалатыны анық.

Кесененің есіктері жоғары деңгейдегі көркем ою жұмысымен де ерекшеленеді, оның қалқасында (болат сақина) "бұл тамаша өнер туындысын жасап шығарған шебердің аты-жөні

көрсетілген" өлең жазылған Иззадин, Исфағаннан шыққан Тажаддиннің ұлы, 799 хижра жылы, яғни 1397" [5]. Б.Т.Тұяқбаева "Таж-ад-дин ас- сахаба құюшы, нақысшы" деп оқуды ұсынады [6].

Бұл жерде Т.К.Басенов анықтаған жергілікті әшекейлі суреттер негізінің ауысып келу фактілерін айта кеткен жөн. Мысалы, "төртайшық" деген атаумен белгілі ою кесене-ханаканың кіре беріс есігіне ойып жасалған өрнектен алынған. Б.Н.Деникениң мәліметі бойынша: "Орындалуының мүлтіксіздігі жағынан фатимидтік дәуірдегі оюдың ең керемет үлгілерінен қалыспайды, алайда стильдің мүлде басқа ерекшеліктерімен сипатталады". Соңғысы бізге түсінікті бола бастады. "Мұндай құрылыстарды салу және безендіру үшін шеберлерді шақыра отырып, Тимур жергілікті дәстүрді декорда толығымен ескере алмады, ал шеберлер тіптен орындай алмады. Дегенмен жергілікті өнерді жарым- жартылай алып пайдаланудың күрделі түрде орындалғандығы соншалық, оның сырттан алып пайдаланылғандығын арнайы талдаусыз аңғару мүмкін емес".

Есімхан кесенесі. Тәуекелден кейін тарих сахнасына 1598 жылы Есім хан шығады. Ол бұдан бұрын да ағасы Тәуекел ханның қолбасшысы ретінде талай шайқастарға катысып, «Еңсегей бойлы Ер Есім» атанған еді. Сол Шығай ханның ұлы Есім хан жерленген кесене. Құрылыстың сағана бөлігі сақталған. Архитектуралық, археологиялық зерттеулерге қарағанда бұл құрылыс XVII ғасырда салынған.

Рабия Сұлтан бегім кесенесі. Рабия Сұлтан бегім кесенесі жобасында төртбұрышты. Ол ішкі сегіз қырлы және 4 төртбұрышты бөлмелерден тұрады. Бұл құрылыс туралы алғашқы деректер XVI ғасырдан бастап кездеседі. Рабия Сұлтан бегім Ұлықбектің қызы, Әмір Темір көрегеннің немересі, көшпенді өзбектердің ханы Әбілқайырдың әйелі болған.

Қылуат жер асты мешіті (XII-XIX ғасырлар). Қылуат жер асты мешіті Ахмет Ясауи кесенесінен оңтүстікте, 150 м жерде орналасқан. Қылуат жер асты мешітінің салынуы Ахмет Иасауи есімімен байланысты. XII-XIX ғасырлар аралығында салынған құрылысты XX ғасырдың 40 жылдарында толығымен бұзып қыштарын зауыт салуға қолданған. Археологиялық архитектуралық зерттеулермен 1941 жылы жасалынған макетке сүйене отырып Қылуат жер асты мешіті толығымен қалпына келтірілген. Ортағасырлық монша (XVI ғасыр). Ортағасырлық шығыс моншасы Ахмет Иасауи кесенесінен оңтүстік шығыста, 150 м жерде орналасқан, жеті бөлмеден тұрады. Монша 1978 жылға дейін жұмыс істеп келген, 1979 жылдан бастап оның негізінде Шығыс моншасы музейі ашылған. Құмшықата жер асты мешіті (XII ғасыр). Ахмет Иасауи кесенесінен оңтүстік-шығыста, 1 шақырым жерде орналасқан. Жер асты мешіті сопылардың діни-ғұрыптық құрылыстары қатарына жатады. Күйдірілген қышпен салынған [4,1].

#### Қолдалынған әдебиеттер тізімі

1. Байпаков К.М., Азимхан А. Все дороги ведут в Туркестан: памятники, персоны, - Алматы, 2013.
2. Ораз С., Түркістан – шамшырағы қайта жанған көне шаһар//Егемен Қазақстан. – 2018. - №10
3. «Түркістан газеті», - 2018. –№16
4. Салықов Қ. «Түркістанға тағзым». – Түркістан, «Түркістан университеті», 2000;
5. Нурмухамедов Нагим-Бек «Мавзолей Ходжа ахмеда Яссави- Альбом, А., 1980.
6. Туякбаева Б.Т. «Эпиграфический декор архитектурного комплекса Ахмеда-Яссауи» - Алма-Ата: "Онер", 1989. — 172 с. — (серия "Памятники зодчества Казахстана").
7. Добромислов А.И. «Города Сыр-Дарынский области» - Ташкент, 1912.